

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұғалжар аудандық білім
бөлімі» ММ-нің әдістемелік
кабинет әдіскері

 Г.Қ. Нұрмамбетова
08 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Карлыгаш» бебекжай-бақшасы»
МКК менгерушісі

К.С.Медеуова

 « » 2020 ж.

Вариативтік компонент «Мамандықтың бәрі жақсы»

Бағдарламаны дайындаған:
№13 «Балақай» МАД тобының
тәрбиешісі Оразалы Ұ.Д

Қандыагаш қаласы

Түсінік хат

«Мамандықтың бәрі жақсы» бағдарламаның жүктемесі аптасына 1 рет өткізіледі. Барлығы 36 сағат. Мектепке дейінгі кезең – жарқын әрі адам өміріндегі қайталанбас кезең. Дәл осы кезенде балаларда тұрмыстық ортамен, адамдар әлемімен, табиғатпен, заттар әлемімен байланыс жүргізіледі. Білуге құмарлығы дамиды, айналға деген қызығушылықтары пайда болады. Бағдарлама бойынша балаларда ерте жастан бастап мамандық түрлері туралы түсініктерін кенейту. Мамандық иелері және олардың құралдарымен таныстыру. Мамандық таңдау адам өміріндегі қызығушылықтары мен тәжірибелерін таныстыру. Мамандықтармен таныстыру барысында маңызды қасиеттер, сонымен қатар шығармашылық таланттарының іргетасы қаланады.

«Мамандықтың бәрі жақсы» бағдарлама бөлімнің мазмұны балаларда мамандық түрлерімен танысу барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы мамандық иелеріне құрмет көрсету қасиеттеріде дамиды деп болжайды.

Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіліп, қызығушылықтарын артады. Сөздік қорларын молайып, тілдерін жаттығады. Жақсы нәтиже көрсетуге деген талпыныс, менгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, өз ойын еркін жеткізу сияқты қабілеттер пайда болады.

Бағдарламаның мақсаты

1. Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелерімен қатар жаңа мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.
2. Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу..
3. Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбекін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.
4. Мамандықты таңдаумен қатар оған деген сүйіспеншілік қасиеттерін дамыту

Бағдарламаның міндеттері

1. Әр мамандық өзінідік ерекшелігімен таныстыру;
2. Мамандық таңдаудың маңызын түсіндіру;
3. Есте сактау қабілетін, логикалық ойлауларын дамыту;
4. Болашақ мамандықты таңдай білуге деген көмек көрсету;

Оқытуформалары:

1. әңгіме, әңгімелесу, әңгімелету;
2. көрнекіліктерді қарau;
3. сюжетті-рөлді ойындар.

Күтілетін нәтижелер:

1. Ауызша түсіндіргенді қабылдай білуді үйренеді;
2. Мамандық иелері туралы, мамандықтың еңбек екендігін, еңбек ету арқылы халыққа пайда келетінін білуі керек.
3. Мамандықты таңдай білуі, оған деген сүйіспеншілігі болуы керек. көз
4. көркемдік талғам шығармашылық қиялдары жақсарады;
5. Мамандық иелері туралы қойылған сұрақтарға толықтай жауап берे біледі.

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның тәрбиешісі
Ұ.Д.Оразалы
«Мамандықтың бәрі жақсы»
атты бағдарламасына

Пікір

Берілген бағдарлама тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы».

Негізгі мақсат: мектепке дейінгі қайталанбас кезеңде бала бойына мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық иелері және олардың құралдарымен таныстыру. Жұмыс негізі «Мектепке дейінгі ұйымдарда кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс жүйесін ұйымдастыру» облыстық шеберхана педагогтары еңбектеріне сүйеніп жазылған.

Мектепке дейінгі шақта баланы мамандықтармен таныстыра отырып болашақ мамандықтарын тандаудың алғашқы іргетасын құру мақсаты көзделген.

Бала бойында мамандықтарға қызығушылық қасиеттерін дамыта отырып қазақ халқының көрнекті ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың тәрбиелеу жайлы «Сенде бір – кірпіш, дүниеге, кетігін тапта бар қалан! өлең жолдарын еске түсіре отырып әр адам өмірдегі өз жолын таба білу қажет екенін, мамандыққа сүйіспеншілдікпен қарау қажеттігіне тәрбиелеу.

Еңбексүйгіштік адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүргегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындей еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Бағдарлама баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, менгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады.

Бағдарлама мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне 36-сағатқа құрылған.

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК әдіскері: Г.С.Құлжанова

Тақырыптық жоспар
Вариативтік бөлім
«Мамандықтың бәрі жақсы»
№ 13 «Балақай» МАД тобы

| P/c | Тақырыбы | Сағат саны | Отілетін күні |
|-----|--------------------------------------|------------|---------------|
| 1 | «Әкем мен анамның мамандығы қандай?» | 1 | |
| 2 | «Тәрбиеші» | 1 | |
| 3 | «Дәрігер» | 1 | |
| 4 | «Аспаз» | 1 | |
| 5 | «Мұғалім» | 1 | |
| 6 | «Кітапханашы» | 1 | |
| 7 | «Диханшы» | 1 | |
| 8 | «Құрылышы» | 1 | |
| 9 | «Жүргізуші» | 1 | |
| 10 | «Кеме капитаны» | 1 | |
| 11 | «Дүкенші» | 1 | |
| 12 | «Наубайшы, кондитер» | 1 | |
| 13 | «Жол полициясы» | 1 | |
| 14 | «Өрт сөндіруші» | 1 | |
| 15 | «Спортшы» | 1 | |
| 16 | «Әнші» | 1 | |
| 17 | «Суретші» | 1 | |
| 18 | «Әртіс жән Актер» | 1 | |
| 19 | «Бағдарламашы» | 1 | |
| 20 | «Шаштараз» | 1 | |
| 21 | «Дизайнер» | 1 | |
| 22 | «Модельер» | 1 | |
| 23 | «Тігінші» | 1 | |
| 24 | «Сақшы» | 1 | |
| 25 | «Ғарышкер» | 1 | |
| 26 | «Ұшқыш» | 1 | |
| 27 | «Кәсіпкер» | 1 | |
| 28 | «Сәулетші» | 1 | |
| 29 | «Аула сыйырушы» | 1 | |
| 30 | «Зергер» | 1 | |
| 31 | «Тілші» | 1 | |
| 32 | «Аудармашы» | 1 | |
| 33 | «Мал дәрігер» | 1 | |
| 34 | «Тіс дәрігері» | 1 | |
| 35 | «Ит ұстаушы» (кинолог) | 1 | |
| 36 | «Мамандықтың бәрі жақсы» | 1 | |

| № | Тақырыбы: | Мақсаты | Қосымша оқыту, көрнекіліктер |
|-----|--------------------------------------|--|---|
| 1. | «Әкем мен анамның мамандығы қандай?» | Әке-аналардың кім болып жасайтыны туралы ұғындыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. | Сиқырлы дорба, әке мен ана суреті. |
| 2. | «Тәрбиеші» | Мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру. Тәрбиешіге құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Тәрбиеші мамандығына байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 3. | «Дәрігер» | Дәрігер туралы білімдерін кеңейту. Балабақша дәрігерімен таныстыру. Дәрігердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, дәрігер құралдары, сюжетті рөлді ойындар. |
| 4. | «Аспаз» | Аспазшы мамандығы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша аспазшыларымен таныстыру. Еңбекке тәрбиелеу. | Аспазшы мамандығына байланысты суреттер, аспазшы киімі. |
| 5. | «Мұғалім» | Мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру. Мұғалімге құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 6. | «Кітапханашы» | Кітапханашы туралы білімдерін кеңейту. Кітапхана жұмысымен таныстыру. Мамандыққа қызығушылығын ояту. | Кітапханашы сурет, кітаптар. |
| 7. | «Диханшы» | Диханшы мамандығы туралы түсініктерін кеңейту. Диханшы еңбегімен таныстыру. Еңбекке тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 8. | «Құрылышы» | Мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрылышы еңбегімен таныстыру. Құрылышының еңбегін дәріптеу. | Құрылышы мамандығына байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 9. | «Жүргізуші» | Жүргізуші қызметімен таныстыру. Сөздік қорын дамыту. Үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 10. | «Кеме капитаны» | Кеме капитаны туралы түсініктерін кеңейту. Мамандыққа қызығушылығын ояту. Еңбекке тәрбиелеу. | Кеме капитаны суреттері, видео материалдар. |
| 11. | «Дүкенші» | Мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру. Сатушы еңбегімен таныстыру. Енбек етуге тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, сюжетті-рөлді ойындар. |
| 12. | «Наубайшы, кондитер» | Балаларды наубайшы мамандығымен таныстыру, және олардың еңбегін бағалауға үйрету. Ұннан жасалатын тағамдар түрлерімен таныстыру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |

| | | | |
|-----|--------------------------|--|---|
| 13. | «Жол полициясы» | Жол полициясы қызметімен таныстыру. Сөздік қорын дамыту. Улкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Жол полициясы мамандығына байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 14. | «Өрт сөндіруші» | Өрт сөндіруші туралы түсініктерін кеңейту. Өрт сөндіру құралдарымен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 15. | «Спортшы» | Мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру. Спортшы еңбегімен таныстыру. Спортқа қызығушылығын ояту. | Спортшылар суреті, видео материалдар. |
| 16. | «Әнші» | Қазақтың еңбек сінірген әншілерімен таныстыру. Музыкалық қабілеттерін дамыту. Улкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 17. | «Суретші» | Суретші туралы түсініктерін кеңейту. Атақты суретшілердің туындыларымен таныстыру. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. | Суретші мамандығына байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 18. | «Әртіс жән Актөр» | Әртіс мамандығы туралы балалардың білімдері мен түсініктерін дамытуға ықпал ету. Әртіс болу үшін қандай қабілеттерді дамыту керектігі жөнінде мағлұмат беру. Шығармашылық мамандық иелерінің еңбегіне деген қадірлеу, құрметтеу сезімін тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 19. | «Бағдарламашы» | балаларды бағдарламашы мамандығымен таныстыру, бағдарламашы еңбегінің мазмұны мен құрылымы туралы түсінің беру. Техниканы қолдану, қауіпсіздік туралы мағлұмат беру. Улкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 20. | «Шаштараз» | шаштараз еңбегімен таныстыру, қызмет көрсету саласы туралы түсінің беру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын терендептіп, қызығушылықтарын арттыру. Улкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу | Шаштаразшы суреттер, киімі және құралдары. |
| 21. | «Дизайнер» | дизайнер мамандығы туралы түсінік беру. Дизайнердің еңбекі, әр түрлі салада дизайнерлер болатынын түсіндіру. (Құрылыш дизайнери, киім дизайнери, компьютерлік дизайннер, т.б.) Шығармашылық мамандық иелерінің еңбегіне деген қадірлеу, құрметтеу сезімін тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |

| | | | |
|-----|-----------------|--|---|
| 22. | «Модельер» | балаларды модельер мамандығымен таныстыру, модельер еңбегінің мазмұны туралы түсінің беру. Эстетикалық талғамдарын дамыту; Шығармашылық іспен айналысатын адамдардың еңбегін күрметтеуге, әдемілікті сезіне білуге, үқыптылыққа тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 23. | «Тігінші» | балаларды тігінші мамандығымен таныстыру, тігіншінің қандай құралдармен, матамен жұмыс істейтіні туралы түсінік беру. Үлкендердің еңбегін күрметтеуге, киімді үқыпты киюге, тазалыққа баулу. | Тігінші мамандығына байланысты суреттер, түрлі маталар, құралдар. |
| 24. | «Сақшы» | балаларды сақшы мамандығымен таныстыру. Сақшы қандай жұмыс атқарады, қауіпсіздік туралы мағлұмат беру. Үлкендердің еңбегін күрметтеуге тәрбиелеу | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 25. | «Гарышкер» | балаларды гарыш, гарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір гарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 26. | «Ұшқыш» | Ұшақ әуе көлігі екенін білу, көліктер туралы түсіндіре отырып, балаларға ұшқыш мамандығы туралы мәлімет | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 27. | «Кәсіпкер» | кәсіпкер мамандығы туралы балалардың білімдері мен түсініктерін дамыту. Кәсіпкер болу үшін қандай қабілеттерді дамыту керектігі жөнінде мағлұмат беру. Іскер адамдардың еңбегіне деген қадірлеу, құрметтеу сезімін тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 28. | «Архитектор» | балаларды архитектор мамандығымен таныстыру, архитектор еңбегінің мазмұны туралы түсінің беру. Техниканы колдану. Үлкендердің еңбегін күрметтеуге тәрбиелеу | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 29. | «Аула сыйырушы» | Аула сыйырушының еңбегін бағалауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Енбектің нәтижесін, маңызын түсіндіру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 30. | «Зергер» | Зергер мамандығымен таныстыру. Мамандықты таныстыра отырып бала бойында | Зергер мамандығына байланысты суреттер, видео материалдар. |

| | | | |
|-----|---------------------------|---|--|
| | | <u>шығармашылық қабілеттерін дамыту.</u> | |
| 31. | «Тілші» | Аула сызырушының еңбегін бағалауга, күрметтеуге тәрбиелеу. Еңбектің нәтижесін, маңызын түсіндіру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 32. | «Аудармашы» | Аудармашы мамандығының маңыздылығын түсіндіру. Бала бойында әлемдегі тілдер түсінігін қалыптастыру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 33. | «Мал дәрігер» | Мал дәрігері мамандығының қырсымымен таныстыру. Мал дәрігерлерінің мамандығына күрметпен қарауға тәрбиелеу. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 34. | «Тіс дәрігері» | Тіс дәрігері мамандығымен таныстыру. Тіс дәрігері қүрметпен қарауға үйрету. Балалардың тіс дәрігеріне қорықтай бару керектігін түсіндіру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 35. | «Ит ұстаушы» (кинолог) | Ит ұстаушы мамандығымен таныстыру. Ит ұстаушы тек үй жағдайындағы иттермен емес, дала иттеріменде жұмыс жасайтындығын түсіндіру. | Мамандыққа байланысты суреттер, видео материалдар. |
| 36. | «Мамандықтың бәрі жақсы» | Мамандықтар туралы барлық білімдерін бекіту. Өр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар екенін түсіндіре отырып бекіту. Барлық мамандық иелеріне күрмет көрсете білуге үйрету. | Барлық мамандықтар суреттері. |